

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JFMW7453>

***Т. Р. Абдықадырова¹, К. Б. Қанат², Ж. А. Агабекова³**

^{1,2}М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.;

³Назарбаев университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: tursynai_1959@mail.ru

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Бауыржан Момышұлы шығармаларының тарихи, танымдық және тәрбиелік мәні мен маңызы туралы зерттеу жұмыстары баршылық. Алайда, білім беру саласында зерттеудің теориялық тұсынан бөлек әдістемелік жағын да қарастыру қатар жүретін процесс. Сондықтан, автор шығармаларын оқытудың тиімді педагогикалық технологияларын анықтау өзекті болып отыр.

Б. Момышұлы шығармаларын оқытудың ғылыми-әдістемелік аспектілерін анықтау зерттеу мақаласының негізгі мақсаты. Мақалада жоғары мектепте білім берудің инновациялық технологиялары мен интербелсенді әдіс-тәсілдері арқылы Б. Момышұлы шығармаларын оқытудың жаңа ғылыми-әдістемелік жүйесі ұсынылған.

Осылайша, зерттеу барысында әдебиет пен әскер майданында қолына қару мен қалам алған автор шығармаларының мазмұндық әрі көркемдік ерекшеліктері ескерілген. Сәйкесінше, оқытудың жаңа әдіснамалық моделі тың әдістер арқылы ұсынылып, тиімділігі дәлелденді.

Кілтті сөздер: Бауыржан Момышұлы, педагогикалық технологиялар, ғылыми-әдістемелік аспектілер, инновациялық технологиялар, әдіс-тәсілдер, әдіснамалық модель.

Кіріспе


Бауыржан Момышұлы шығармаларының өзегі өскелең ұрпақтың бойына ұлттық тәрбие дәнін егетін негізгі тетік. Жауынгер жазушының шығармаларындағы танымдық мазмұн, эстетикалық, адамгершілік-патриоттық тәрбие, тарихи шындық, рухани құндылық сынды ізгі қасиеттерді анықтау арқылы біз, ұлттық мұраға деген құрметті қалыптастырамыз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу болып табылады», - делінген [1]. Ал, А. Е. Әбілқасымова мен Т. С. Садықовтың «Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері» атты оқу құралында: «Оқыту – мақсатты, алдын ала жобаланған қарым-қатынас барысында білім берудің, тәрбиелеу мен дамудың іске асуы, үйренушілер арқылы таным мен іс-әрекет тәжірибесінің жекелеген тұстарының менгерілуі» [2, 8 б.] деген ой айтылса, Ғ. М. Құсайновтың «Оқытудың жаңа технологиясы: теориялық және практикалық негіздері» атты әдістемелік құралында: «Оқыту – білім мен тәжірибесі бар және оны алатындар арасындағы ұйымдастырылған қарым-қатынас үрдісі. Адамдар арасындағы материалдық өзара іс-әрекеттің ерекше түрі» - деген тұжырым жасаған [3, 54 б.]. Жоғары мектепте білім берудің инновациялық технологиялары мен интербелсенді әдіс-тәсілдері арқылы Бауыржан Момышұлы шығармаларын оқытудың жаңа ғылыми-әдістемелік жүйесін құруда басшылыққа алынатын басты критерий – автор шығармаларының негізгі идеясын түсіндіріп, ұлттық тәрбие дәнін студент бойына сіңіру.

Материалдар мен әдістер

Жоғары мектепте Б. Момышұлы шығармаларын оқытуда көптеген инновациялық технологиялар мен интербелсенді әдіс түрлерін қолдануға болады. Алдымен, инновациялық технологиялардың классификациясына тоқталайық:


Кесте 1



1-кестеде көрсетілген оқытудың инновациялық технологияларын әдебиет сабағында тиімді жүзеге асыруға болады. Бұл технологиялардың ықпал етуі нәтижесінде студенттердің танымдық процестерді жүзеге асыруы, тұлғаның бағыттылығы, білімділік дейгейі артып, шығармашылық қабілеті шыңдалады. Зерттеу тақырыбымызға сай жоғары мектепте Б. Момышұлы шығармаларын инновациялық технологиялармен оқытудың әдістемелік жүйесін былайша құрастырдық:

Б. Момышұлы шығармаларын инновациялық технологиялармен оқытудың әдістемелік жүйесі

Кесте 2




Иновациялық технологиялар арқылы оқытудың ең ұтымды әдістерінің бірі – интербелсенді оқыту әдісі. «Интербелсенді оқыту дегеніміз – өзара әрекеттесу, үйрену мен үйрету арқылы білімді меңгертуге және нақты нәтиже алуға бағытталған оқыту әдістемесі» [4, 167 б.]. Біздің ойымызша, интербелсенді оқыту әдістері арқылы студент білім алудың өнімді деңгейіне дейін көтеріле алады.

Иновациялық технологиялар мен интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы оқыту кәсіби дағдысы қалыптасқан, біліктілік компоненттерін толық меңгерген маман қалыптастыруда таптырмас тетік саналады.

Әдебиетте интербелсенді оқыту әдістерінің өзіндік артықшылықтары, қағидалары мен максаттары, бірқатар міндеттері және негізгі ерекшеліктері


бар. Әдебиеттегі интербелсенді әдіс-тәсілдердің әдіснамалық аспектілері 3-кестеде көрсетілген:

Кесте 3



Әдебиетті, оның ішінде Б. Момышұлы шығармаларын оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін былайша құруға болады:

Кесте 4



Нәтижелер және талқылау

Жоғары мектепте Б. Момышұлы шығармаларын инновациялық технологиялар арқылы оқытудың әдістемелік жүйесі мен әдебиеттегі интербелсенді әдіс-тәсілдердің әдіснамалық аспектілерін құрастыра келе, біз, өз зерттеу жұмысымызда жоғары мектепте білім берудің инновациялық

технологиялары мен интербелсенді әдіс-тәсілдері арқылы Бауыржан Момышұлы шығармаларын оқытудың жаңа ғылыми-әдістемелік жүйесін ұсынып отырмыз (4-кесте). Ендігі ретте Б. Момышұлы шығармаларын негізге ала отырып, әрқайсысына жете тоқталып өтейік.

Модульдік оқыту технологиясы. Модуль – латын тілінен аударған «өлшем, шама, мөлшер» деген мағынаны білдіреді.

Зерттеуші Ф. Б. Бөрібаева мен Н. Ж. Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» атты оқулығында модульдік технологияның ерекшелігі – тұлғаның танымдық үдерісін дамытуға бағытталған, – десе [5, 73 б.], М. М. Жанпейісова: «жадының алуан түрлерін ойлауды, шығармашылық қажеттіліктерін, сөздік қорын дамытуға бағытталған» – деп, ой қорытады [6]. Жоғары мектепте Бауыржан Момышұлы шығармаларын модульдік технология бойынша оқытудың үлгісін ұсынамыз. Модульдік оқыту технологиясы түсіндіру, баяндау, сұрақ – жауап әдісі арқылы жүзеге асады.

Білім берудің модульдік технологиясы арқылы Бауыржан Момышұлы шығармаларын оқытудың моделіне тоқталсақ:

1. Модульге кіру.

Студенттің білім деңгейін анықтап, еске түсіру бағытындағы сұрақтар Мысалы: Бауыржан Момышұлы кім? Жауынгер жазушының өмірдерегі туралы қандай мәліметтерді білесіңдер?

2. Проблемалық блок

Автор шығармашылығының зерттелу аясы, негізгі идеясы, өзектілігі Мысалы: Бауыржантанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерімен танысу. Ол туралы жазылған естеліктерге шолу жасау.

3. Тереңдету блогы

Автор шығармаларындағы ой-тұжырым, тарихи, танымдық, тәрбиелік маңыз

Мысалы: Шумақ, өлең, мақал-мәтел, нақыл сөздер, баталар, әңгімелері мен повесть, романдарын талдау.

4. Ақпарат блогы

Автор шығармаларындағы ұлттық тәрбие көріністері, тың деректер Мысалы: Б. Момышұлының жазған хаттары мен көтерген мәселелерімен жете танысу. Көтерілген қоғамдық мәселелердің шешімі туралы ақпарат

5. Тапсырма блогы

Автордың шығарма жазудағы көркемдік ерекшеліктері және көркемдегіш құралдар

Мысалы: Б. Момышұлының шығармаларындағы көркемдегіш құралдарды, оның стилін анықтау. Әскери әдебиеттің маңызды ерекшеліктерін көрсету.

6. Қорыту блогы

Студенттердің қызығушылықтарын арттырып, ойлау жүйесін дамыту

Мысалы: Б. Момышұлы шығармаларын оқи келе, студенттің оны өмірде пайдалануы. Әскери, ұлттық, патриоттық және адамгершілік тәрбиесінің өзектілігін танып, бойға сіңіру.

Оқытудың әдістемелік аспектісінде модульдік оқыту технологиясында түсіндіру әдісі (анықтамалық, талдау сұрақтары), сұрақ-жауап әдісі (проблемалық сұрақтар), баяндау әдісін (ашық, жабық сұрақтар) қолдану тиімді деп санаймыз.

Проблемалық оқыту технологиясы. «Проблема» (problema) сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «қиындық, кедергі» деген мағынаны білдіреді. Ғалым В. Г. Маранцман: проблемалы талдаудың негізгі буыны – проблемалық ситуация десе [7], Т. Ақшолоақов: проблемалық ситуацияны туғызуда оқулықта берілген кейбір сұрақ – тапсырмалардың рөлі ерекше екенін айқындап, сұрыптап ұсынады [8]. Біздің ойымызша, әдебиетті проблемалық оқыту технологиясы арқылы оқыту үшін көркем шығарманы талдауға көңіл бөлген жөн. Нақтырақ айтқанда, кез келген автордың шығармаларын түрлі категория бойынша талдау проблемалық оқытудың барлық құзыреттіліктерін қанағаттандырады. Сондықтан да, біз әдебиетте көркем шығарманы талдаудың жаңа техникалық үлгісін ұсынып отырмыз. Ал, осы талдауды жүйелі жүзеге асыру үшін бізге тиімді интербелсенді әдіс-тәсілдер қажет болады.

Жоғары мектепте проблемалық оқыту технологиясы арқылы Бауыржан Момышұлы шығармаларын меңгеруге «Шығармашылық оқу», «SWOT-талдау», «дебат» сынды интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану әлдеқайда ұтымды.

Проблемалық оқыту технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі – Б. Момышұлы шығармаларының жете талдануымен анықталады. Сондықтан да, автордың әрбір көркем шығармасын түрлі категория бойынша талдау аса маңызды. Осы өзектілікті ескере келе біз, бірқатар әдіскер-ғалымдардың талдаулары негізінде көркем шығарманы талдаудың жаңа техникалық үлгісін құрастырдық.

Проблемалық оқыту технологиясы аясында Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін талдау үлгісі:

I	Хронология (сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдай)	(сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдай) «Үшқан ұя» повесі 1974 жылы жарыққа шығады. Шығарма желісі 1916 жылдары өрбіген. Яғни ол кезеңдері қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік жағдай 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, күштеп ұжымдастыру мен Кеңес үкіметінің құрылуымен тұспа-тұс келеді.
II	Параллелизм (сол жылы жарыққа шыққан көркем шығармалар және ондағы көтерілген мәселелер)	1974-жыл Қабдеш Жұмаділов: «Соңғы көш» Ғабит Мүсірепов: «Ұлпан» Лияз Есенберлин: «Көлеңкемен қорғай жүр»
III	Топонимикалық анықтама (шығармадағы оқшау өрбіген аймақ)	Шығарма Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында өрбиді. Қазіргі таңда аудан орталығы бұрынғы «Бурное» Бауыржан Момышұлы есімімен аталады. Бурное – қазіргі Бауыржан Момышұлы ауылы Ташкент – Пішпек жолы – қазіргі Ташкент Бішкек жолы.
IV	Әдеби образ (шығармадағы кейіпкерлер және прототип)	Имаш – Бауыржан Момышұлының атасы, орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы, шымыр қарт. Имаш 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Қызтумас – әжесі, ертегіші, салт жаралғыны көп білетін, ел анасы. Момыналы – Бауыржанның әжесі, жұрт Момыш деп кеткен. Жасынан өленге жақын, еті тірі, орысша хат таныған ағаш ұста, зергер, етікші, аймаққа әйгілі сыйлы адам. Рәзия – Бауыржан Момышұлының анасы, Байтана руынан Әбдірахманның қызы, Бауыржанның үш жасында қайтыс болыпты. Момынкұл – әжесінің кенже інісі, ұзын бойлы, дөңгелек кара көзді, кертпе мұрында, астыңғы ерні дүрліктеу, аққұба жігіт. Қыңыр мінезді, епті, алаңғасар, қарақұш, «Таубұзар», әжесінің айтуынша Серкебай нағашысына тартқан. Төлебай – Момыштың ағасы, ұзын бойлы, кең жауырынды, тәмпіш мұрын шал, Құрмангүл деген қызы қалды. Үбіш – Рәзияның тұңғышы, Үбиан, Сәлима, Әлима – Бауыржан Момышұлының әпкелері. Серкебай – әжесінің інісі, нағашысы, алпысқа келіп қалған, күрт мінез ашуы адырайып тұрған қатал кісі. Етсіз қыр мұрыны, қысыңқы көз, ашаң жүзді, қияқтай мұрты екі езуін жиектеп, селдір ұзын сақалы кеудесіне түседі. Айналасын айбарымен мендеп алатын өркөкірек, ескі дәуірдің қатал әміршісіндей. Қожамқұл – ауылдағы жалғызбасты жарлы адам. 1916 жылы қара жұмысқа алынды. Орманқұл – Бабастың кенжесі, орта бойлы, атжақтау, қалың кара қасты, мұнаркөз, қыр мұрын, кара мұрт, қабасақалжігіт, күйші
V	Тілдік ерекшелік (шығармадағы диалектілер мен гөврлар, көнерген сөздер)	Мәмпәси – тәтті, кәмпит. Бөстек – жастық, көпшік. Әпке – туыстық атау. Оңтүстік өңірде қолданылатын диалект.
VI	Әдебиет теориясы (шығармада кездесетін көркемөгіш құралдар)	Суреттеу – Зәпира келбетті келген жан еді. Талдырмаш сұңғақ бойына әркім-ақ сұхтанна қарайтын. Оның атжақты жүзі, қыр мұрыны, үлбіреген беті шығыстың сұлуларын елестететін. Жайнаған мөңдір көзі, қарлығаштың қанатындай қияқ қасы, шоқтай қызыл қалыңдау ерні өзгеше бір сұлулықтың нышанын аңғартып тұрушы еді.

VII	<p>Фольклорлық жіктеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мақал-мәтел 2. Жаңылтпаш 3. Жұмбақ 4. Нақыл сөз 5. Ертегі 6. Аңыз-әңгіме 7. Салт-дәстүр 8. Айтыс 9. Тұрмыс-салт жырлары 	<p>Мақал-мәтел: Атсыз ер – қанатсыз құспен тең. Ақыммақ бақыттың басына қонғанын білместен, ұшқанын бір-ақ сезеді. Бір ақыммақтың бүлдіргенін жүз ақылды түзете алмайды Жүйрік ат аяғынан қалады. Жаюу қалсаң – жау қолына түскенің, сан қорлықтың запыранын ішкенің. Жастығымда еңбек бер, қартайғанда дәулет бер. Күш атасын танымас. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты. Түйедей бойың болса да, тышқандай ақылың жоқ. Үлкеннің өлімінің арты той. Сұңқар қанатынан қалады. Төл атыңды төреге де берме. Нақыл сөз: «Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен.» Менде де жан бар, менде де ар бар жан тебіrentкен, Халқымның қарапайым бір ұлымын, Жанымды арым үшін құрбан еткен». Ертегі: Әжем маған зұлым қасқыр, жымсымақ түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын... Аңыз-әңгіме: – Жыл он екі айдың пайда болуы жайлы аңыз әңгіме. – Жарқанаттың неге түнде тіршілік ететіні және жақсылықтың өтеуі де жақсылық деген түйіндегі аңыз. Салт-дәстүр: Ат тергеу – жас кезінде әкемді әйелдер жағы «Молда бала» дейді екен, кейін «Ұста бала» дейтін болыпты. Ал, әжем оны «Қара қатпа» деуші еді. Бата беру, Қалың мал Қыз жасауы Сыңсу айту Айтыс Шілдехана Беташар Мүшел жас Неке қияр Ұрын келу Сүйек жаңғырту Колұстатар Отқа май құю Арқан керу Айтыс. Мұнда кездесетіні – қыз бен жігіт айтысы: Момыш пен Қара қыздың айтысы. Тұрмыс-салт жырлары. Мұнда кездесетіні – бесік жыры: Әжесі Қызтумас немересі Бауыржанға бесік жырын айтатын.</p>
-----	--	---

Компьютер арқылы меңгерту технологиясы. Компьютерлердің білім беруде кеңінен қолданылуы «оқытудың ақпараттық технологиялары» терминінің дүние келуіне түрткі болды. Компьютердің оқу процесіне техникалық құралдың тың түрі ретінде енуі, бүгінде оқу үрдісін заман талабына сай жандандырудың зор мүмкіндіктерін пайдалануға ықпал етіп отыр. М. С. Мәлібекова «Ақпараттық қоғам шартында студенттерді кәсіптік даярлаудың педагогикалық негіздері» еңбегінде: «Компьютерлік оқыту технологиясы іс – әрекеттердің ресурстарын үнемдейді. Сонымен бірге электронды оқыту интеллектуалды еңбекке баулып, дәстүрлі әдебиет

шығармаларын тереңірек меңгеруге ықпал етеді» - деп көрсетеді [9]. Н. Е. Исабек технологияның артықшылығы туралы былайша пікір білдіреді: «Болашақ мамандарды даярлауға қажетті заманауи компьютерлік оқыту технологиясының мүмкіндікшіліктері мол, бұл арқылы бәсекеге қабілетті маман қалыптасады, деп пайымдаймыз» [10]. Компьютер арқылы меңгерту технологиясымен жоғары мектепте Бауыржан Момышұлы шығармаларын визуалдық лекция арқылы оқытуды қарастырған жөн. Визуалдық лекция-графиктер, таблицалар, суреттер, сызбалар түрінде ұсынылады. Дәрістің негізгі мақсаты студенттің өз бетінше ой қорыту мен пайымдау белсенділігін арттыру болып табылады. Ал, визуалдық лекция сабағын көрнекілік, кейс – стади интербелсенді әдістері арқылы оқыту өте тиімді.

Б. Момышұлы шығармаларын оқыту үшін арнайы веб-сайт әзірленді. Ол жерде жауынгер жазушы өмірдерегіне қатысты барлық ақпараттар топтастырылып берілген (сілтемесі: <http://momyshulybauyrzhan.tilda.ws/>).

Қорытынды

Бауыржан Момышұлы шығармаларын оқытудың ғылыми-әдістемелік аспектілерін анықтаумен мазмұндалды. Алдымен әдебиеттегі интербелсенді әдіс-тәсілдердің әдіснамалық аспектілерін тізе келе, зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне тоқталдық. Білім кеңістігіндегі жаңашылдықтарды жатсынбай қабылдайтын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда оқыту әдіснамасына жете көңіл бөліну қажеттігі айтылып, автор шығармаларын оқытудың жаңа әдістері ұсынылды.

Жоғары мектепте білім берудің инновациялық технологиялары мен интербелсенді әдіс-тәсілдері арқылы Бауыржан Момышұлы шығармаларын оқытудың жаңа ғылыми-әдістемелік жүйесі құрылды:

– білім берудің модульдік технологиясы мен баяндау, түсіндіру және сұрақ-жауап әдістері арқылы оқыту моделі;

– проблемалық оқыту технологиясы арқылы шығармашылық оқу, SWOT-талдау және дебат интербелсенді әдістерімен оқыту моделі;

– компьютер арқылы меңгерту технологиясы мен көрнекілік және кейс-стади әдіс-тәсілдері арқылы Бауыржан Момышұлы шығармаларын оқыту моделі ұсынылды.

Зерттеу жұмысының екінші бөліміндегі проблемалық оқыту технологиясында әдебиетте «Көркем шығарманы техникалық талдау» үлгісін ұсындық. Талдаудың біз ұсынған үлгісі әдебиеттегі кез келген шығарманы жіті түсінуге, оның тілдік және көркемдік ерекшелігін анықтауға ықпал етеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>
- 2 **Садықов, Т. С., Әбілқасымова, А. Е.** Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 2003. – 168 б.
- 3 **Құсаинов, Ғ. М.** Оқытудың жаңа технологиясы: теориялық және практикалық негіздері: әдістемелік құрал [Мәтін]. – Астана, 2012. – 64 б.
- 4 **Бузаубақова, К. Д.** Жоғары мектеп педагогикасы : оқу құралы [Мәтін]. – Тараз : ИП «Бейсенбақова А. Ж.», 2022. – 291 б.
- 5 **Бөрібаева, Ф. Б., Жанатбекова, Н. Ж.** Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық [Мәтін]. – Алматы, 2014. – 360 бет.
- 6 **Жанпейісова, М. М.** Модульдік оқыту технологиясы: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы, 2002.
- 7 **Ақшолақов, Т.** Көркем шығарманы талдау [Мәтін]. – Алматы, 1988.
- 8 **Качурин, М. Г.** Организация исследовательской деятельности учащихся на уроках литературы [Текст]. – М., 1982.
- 9 **Мәлібекова, М. С.** Ақпараттық қоғам шартында студенттерді кәсіптік даярлаудың педагогикалық негіздері [Мәтін]. – Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 2004. – 213 б.
- 10 **Исабек, Н. Е.** Студенттерді компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға даярлау: автореферат [Мәтін]. – Алматы, 2005. – 29 б.

References

- 1 «Bilim turaly» Kazakstan Respublikasy Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»] [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>
- 2 **Sadykov, T. S., Abilkasymova, A. E.** Zhogary mektepte bilim berudin didaktikalyk negizderi [The didactic foundations of education in university] [Text]. – Almaty : Gylm, 2003. – 168 p.
- 3 **Kusainov, G. M.** Okutudyn zhana tehnologiaaasy: teoriaalyk zhane praktikalyk negizderi : adistemelik kural [The new technology of teaching : theoretical and practical foundations: methodical guide] [Text]. – Astana, 2012. – 64 p.
- 4 **Buzaubakova, K. D.** Zhogary mektep pedagogikasy: oku kuraly [Pedagogy of university : teaching guide] [Text]. – Taraz : IP «Bisenbakova A. Zh.», 2022. – 291 p.

5 **Boribaeva, F. B., Zhanatbekova, N. Zh.** Kazirgi zamangy pedagogikalыk tehnologiaalar : okulyk [Modern pedagogical technologies : textbook] [Text]. – Almaty, 2014. – 360 p.

6 **Zhanpeiisova, M. M.** Modul'dik okytu tehnologiiiasy : oku kuraly [The technology of module teaching : teaching guide] [Text]. – Almaty, 2002.

7 **Aksholakov, T.** Korkem shygarmany taldaу [The analysis of the artistic literature] [Text]. – Almaty, 1988.

8 **Kachurin, M. G.** Organizaciia issledovatel'skoi deiatel'nosti uchashhihsia na urokah literatury [The organization of students' research activity at Literature lessons] [Text]. – M., 1982.

9 **Malibekova, M. S.** Akparattyk kogam shartynda studentterdi kasiptik daiarlaudyn pedagogikalыk negizderi [The pedagogical foundations of students' professional preparation in the conditions of digital society] [Text]. – Karagandy : KarMU baspasy, 2004. – 213 p.

10 **Isabek, N. E.** Studentterdi komp'iuterlik grafikany kasibi is-areketinde paidalanuga daiarlau: avtoreferat [The preparation of students to use computer graphics in professional activity : thesis abstract] [Text]. – Almaty, 2005. – 29 p.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*Т. Р. Абдыкадырова¹, К. Б. Канат², Ж. А. Агабекова³

^{1,2}Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати,

Республика Казахстан, г. Тараз;

³Назарбаев Университет,

Республика Казахстан, г. Астана.

Принято к изданию 30.11.23.

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ

Имеются исследовательские работы об историческом, познавательном и воспитательном значении и значении произведений Бауыржана Момышулы. Однако в сфере образования, помимо теоретической части исследования, рассмотрение методической стороны – это процесс, который идет рука об руку. Поэтому актуальным становится определение эффективных педагогических технологий обучения произведений автора.

Определение научно-методических аспектов преподавания произведений Б. Момышулы – основная цель исследовательской

статьи. В статье представлена новая научно-методическая система обучения произведениям Б. Момышулы через инновационные технологии и интерактивные методы обучения в высшей школе.

Таким образом, в ходе исследования были учтены содержательные и художественные особенности произведений автора, получившего в руки оружие и перо на литературном и армейском фронтах. Соответственно была предложена новая методологическая модель обучения и доказана ее эффективность с помощью новейших методов.

Ключевые слова: Бауыржан Момышулы, педагогические технологии, научно-методические аспекты, инновационные технологии, методы, методологическая модель.

*T. R. *Abdykadyrova*¹, K. B. *Kanat*², Zh. A. *Agabekova*³

^{1,2}M. Kh. *Dulaty Taraz Regional University,*

Republic of Kazakhstan, Taraz;

³*Nazarbayev University,*

Republic of Kazakhstan, Astana.

Accepted for publication on 30.11.23.

SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL ASPECTS OF TEACHING THE WORKS OF BAUYRZHAN MOMYSHULY

There are research papers on the historical, cognitive and educational significance and significance of the works of Bauyrzhan Momyshuly. However, in the field of education, in addition to the theoretical part of the study, consideration of the methodological side is a process that goes hand in hand. Therefore, the definition of effective pedagogical technologies for teaching the author's works becomes relevant.

The definition of scientific and methodological aspects of teaching the works of B. Momyshuly is the main purpose of the research article. The article presents a new scientific and methodological system of teaching the works of B. Momyshuly through innovative technologies and interactive teaching methods in Higher education.

Thus, in the course of the study, the content and artistic features of the author's works that received weapons and a pen in the literary and army fronts were taken into account. Accordingly, a new methodological model of training has been proposed and proven effective using the latest methods.

Keywords: Bauyrzhan Momyshuly, pedagogical technologies, scientific and methodological aspects, innovative technologies, methods, methodological model.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz